



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## АШЫҚ СҰХБАТ – ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫ ӘРІПТЕСТІК АЙНАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сан-салалы әрі жарқын оқиғаларға толы өмірінде тағы да бір маңызды іс-шара орын алды. Қалыптасқан дәстүр бойынша университет ректоры Ғалым Мұтанұлы Мұтановтың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының өкілдерімен, белсенді студенттермен кездесуі өтті. Кездесуге студент-жастармен бірге университет басшылығы: проректорлар, факультет декандары мен орынбасарлары, аға-куратор эдвайзерлер және Алматы қаласы жастар саясаты басқармасының басшысы Нұрлан Сыдықов қатысты.



Студент-жастар үшін университет ректорымен кездесу – үлкен мүмкіндік. Себебі әртүрлі форматта жиі-жиі өтіп отыратын мұндай басқосуларда студенттер өздерін толғандырып жүрген мәселелер төңірегінде ең жоғары деңгейде ашық сұхбаттасуға мүмкіндік алады. Кездесу барысында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының әлеуметтік серіктестік бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан іс-шараларының барысы қызу талқыланды. Осыдан бірнеше жыл бұрын қабылданған бұл бағдарлама бойынша студенттік ұйымдарға бірқатар кең көлемді өкілеттіліктер берілген. Оның шеңберінде

студенттік ұйымдар университеттік үдерістерді басқаруға араласу мен шешім қабылдауда тең құқылы әріптес ретінде жұмыс атқарып отыр. Атап айтқанда, студенттік ұйымдар білім беру үдерісінің сапасына баға беру, тұрмыстық-әлеуметтік және тамақтандыруды бақылау, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, академиялық құқық бұзушылықпен күрес, құқықтық тәртіп сақтауды бақылау және оның сақталуына атсалысу, т.с.с. сұрақтарды шешуді өз міндеттеріне алған.

Бүгінде ҚазҰУ еліміздегі университеттік білім беру жүйесінің көшбасшысы ретінде танылып отыр.

Жалғасы 4,5-беттерде

## И СНОВА КАЗНУ ВПЕРЕДИ!

КазНУ в рейтинге QS (Великобритания) занял 21 место среди вузов стран развивающейся Европы и Центральной Азии. Вырвавшись вперед, КазНУ опередил такие казахстанские университеты, как ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, КБТУ и КазНАУ, которые соответственно заняли 33, 63 и 67 места.



Всего в рейтинг QS EECA (Emerging Europe & Central Asia) были включены более 150 вузов из 22 стран. Почетного первого места в нем был удостоен МГУ им. М. В. Ломоносова. Далее в пятерку лидеров вошли: Новосибирский государственный, чешский Карлов, Тартуский и Санкт-Петербургский государственный университеты.

Продолжение на 2 стр.

## МӘРТЕБЕЛІ ҚОНАҚ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға ресми сапармен Куба Республикасының Министрлер Кеңесінің және Мемлекеттік Кеңес төрағасының ғылыми істер жөніндегі кеңесшісі Фидель Кастро Диас-Баларттың басқаруымен Куба Республикасының бір топ делегациясы келді. Делегацияның құрамында Диас Баларттың жұбайы Мария Виктория Баррейро Давалос пен көмекшісі Дуглас Пардо Месиа бар.

Қонақтар алдымен ҚазҰУ мұражайын аралап, университеттің тарихымен, жеткен жетістіктерімен танысты. Содан соң университет басшылығымен кездесті. Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Куба делегациясына университеттің ғылыми қызметі мен мақсаттары туралы баяндады. «Бүгінде ҚазҰУ ұжымы университетті халықаралық деңгейдегі жоғары дәрежеге көтеру үшін ауқымды жұмыстар атқарып жүр. Біз жақында халықаралық QS рейтингінде 275-орынға көтерілдік. Біздің мақсат – әлемнің 200 үздік университеті тізіміне ену. Куба Республикасындағы медицинаның, ядролық физика мен білім беру жүйесінің жоғары деңгейін ескере отырып, біз сіздермен әріптестік орнатуға толықтай дайынбыз», – деді ректор.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ



2-бет

ЕУРОПАЛЫҚ САПА



3-бет

«ONE LOVE ALMATY»



8-бет



# МӘРТЕБЕЛІ ҚОНАҚ

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Сонымен қатар біздің әріптестік тарихын да айта кеткен жөн. КСРО кезінде Қазақстан мен Куба достық қарым-қатынаста болды. Екі ел белсенді түрде студент алмасып, бірігіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Енді сол әріптестікті жандандырып, сапасын арттыратын кез келді», – деп атап өтті Ғалым Мұтанұлы.

Фидель Кастро Диас-Баларт ректорға алғыс айтып, бүгінде ғылымның жарықтың жылдамдығымен дамып келе жатқаны жайлы, Кубадағы медицинаның даму деңгейі туралы сөз қозғады. «Біздің елде медициналық қызмет ақысы өте төмен, бірақ сапасы АҚШ пен Канада медицинасынан артық болмаса, кем емес. Біз, сіздің университетпен осы саладағы тәжірибемізбен қуана-қуана бөлісеміз», – деді кубалық дипломат.

Сондай-ақ Ғалым Мұтанов кездесу барысында Фидель Кастро Диас-Балартқа «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» атты мерейтойлық



төсбелгіні табыстады.

Кездесуден кейін кубалық

делегация әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Физикалық-

химиялық зерттеулер және талдау орталығының ғылыми-зерттеу институты мен Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхананы аралады. Онда Фидель Кастро Диас-Баларт жас ғалымдармен тілдесіп, қазақстандық зерттеушілердің жана жұмыстарымен танысты.

Қазақстан мен Куба Республикасы арасындағы білім және ғылым саласындағы әріптестіктің 20 жылдық тарихы бар. Ол 1995 жылы Куба астанасы Гаванада ғылым мен мәдениет саласындағы әріптестікке қол қойылған кезден бастау алады. Сонымен қатар, жақында ғана ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Куба Республикасының жоғарғы білім беру министрлігі арасында білім беру саласындағы әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды. Осы келісімшарттар негізінде ЖОО оқытушылары мен студенттері екіжақты тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

РЕКТОРАТ

## ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Күні кеше болып өткен ректорат отырысында «Е-кампус» үлгісін дамыту туралы мәселе талқыланды.



«Е-кампус» бұл дербес интеграциялық жүйе болып табылады. Басты мақсат - бірегей мүмкіндіктерді пайдалану арқылы халықаралық стандартқа сай, білім беру ошағын одан әрі дамыту», - дейді Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Ж.Ж. Мамыкова.

Оның айтуынша, «Электронды кампус» моделі «е-қызмет» жүйесі бойынша жүзеге асады. Бұл арқылы ақпараттық білім беру саласында сапа артып, жемқорлыққа жол берілмейді.

Нақтырақ айтқанда, оқытушылар мен студенттердің біліктілігін арттыру жайлы, осы сатысымен қатар жеке басына қатысты көптеген ақпараттар мәліметтер базасына толық енгізіліп отырады.

Ж.Ж.Мамыкова өз баяндамасында «Е-кампус» үлгісін дамыту туралы жалпы түсінік беріп қана қоймай, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне кеңінен тоқталып өтті.

Жобаның тағы бір артықшылығы - ҚазҰУ студенттеріне тиімді болып отыр. Оның аясында оқу бітірген түлектер ашық түрде онлайн өтетін «Мамандықтар жәрменкесіне»

қатысуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, мұнда студенттің өндірістік-тәжірибе мен оқу үлгеріміне ерекше көңіл бөлінеді. Оқуын енді аяқтаған жас түлектер үшін бұл таптырмас мүмкіндік. Өйткені, кадрлық қызметті автоматтандыру арқылы халықаралық тәжірибеге сәйкес қызмет персоналы басқарылады. Осы арқылы онлайн режимінде жұмыс берушінің де жас маман жайлы толық ақпарат алуына мүмкіндігі зор.

Сондай-ақ жиын барысында кадрмен жұмыс жасайтын тұлғаларға ақпараттық жүйе базасын әзірлеу, оның мазмұндық толтырылу тәртібі толық таныстырылды.

Ж.Ж. Мамыкова өз кезегінде салалық біліктілікті арттыру мен кәсіби міндеттерді жетілдіру мақсатында тың жобаның таныстырылымын егжей-тегжейлі түсіндіріп, баяндалды.

Жиынға қатысушы бірінші проректор М.Бүркітбаев та «Е-қызмет» жүйесінің ақпараттық білім берудегі маңыздылығына тоқталып, бәрі электронды түрде бақылауда болатындығын айтып өтті.

Жұлдыз ӘБІЛ

## И СНОВА КАЗНУ ВПЕРЕДИ!

Продолжение. Начало на 1 стр.

Следует отметить, что такую положительную динамику продвижения в мировых университетских рейтингах КазНУ им. аль-Фараби демонстрирует благодаря проведенным системным преобразованиям в вузе. Так, по итогам исследования признанного международного рейтингового агентства QS, опубликованном в сентябре текущего года, КазНУ вошел в топ-300 университетов, заняв 275 место среди 800 лучших вузов мира.

По рекомендации экспертов QS, феноменальный опыт КазНУ уже изучается ведущими университетами мира. Данный показатель является прямым доказательством высокой конкурентоспособности казахстанского вуза на мировом рынке образования и науки. А стимулом для достижения таких высоких показателей стала задача, поставленная президентом Н. Назарбаевым в Послании народу Казахстана в 2010 году о том, чтобы минимум два университета Казахстана вошли в топ-

рейтинги лучших мировых университетов.

В КазНУ за прошедший период проведена комплексная структурная модернизация, внедрены процессный менеджмент, система управления, ориентированная на результат и рейтинговая оценка достижений. На примере ведущих университетов мира в КазНУ разработаны и введены в учебный процесс экспериментальные образовательные программы, соответствующие высоким международным стандартам и прошедшие международную аккредитацию. За последние годы в университете создан и эффективно функционирует технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации». Ученые КазНУ имеют наибольшее количество публикаций в зарубежных рейтинговых изданиях: в период с 2010 по 2014 годы количество публикаций увеличилось в 5 раз, а качественный показатель их цитируемости вырос в 6 раз.

ПРЕСС-СЛУЖБА



Ректор КазНУ Ғалым Мұтанов встретился со студенческим активом университета



# ЕУРОПАЛЫҚ САПА



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бакалавриат пен магистратураның сегіз білім беру бағдарламасына EUR-ACE сапа белгісі берілді. Сертификат еліміздің индустриалды-инновациялық дамуына сай мамандар дайындауға арналған.**

EUR-ACE – инженерлік білім берудің жоғарғы сапа көрсеткіші, ол түлектерге Еуроодаққа мүше елдерде танылуға мүмкіндік береді.

EUR-ACE аккредитациялау үлгісін техника саласына байланысты біліктіліктің еуропалық жүйесіне сай бакалавр және магистр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларын бағалауға пайдаланады. Сонымен қатар EUR-ACE сапа белгісі инженерлік білім беру бағдарламаларының стандарттарға сай екеніне кепілдік береді.

«Ендібілімберубағдарламаларының EUR-ACE сапасымен оқыған әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері «Еуропалық Инженер» кәсіби атағын алып, еуропалық инженерлер регистріне қосылуға мүмкіндік алады. Бұл сөзсіз мамандардың қоғамдағы орнын айқындап, жұмысқа орналасу кезінде таңдаудың артуына септігін тигізеді», – деп атап өтті оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Зәки.

Бұдан бұрын білім беру бағдарламаларын жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында ҚазҰУ басқаратын ЖОО консорциумы

ЕНАЕЕ бірлестігімен келісімге қол қойған болатын. Ол EUR-ACE сапа белгісін ала отырып, инженерлік және жаратылыстану бағытындағы білім беру бағдарламаларын аккредитациялауға және инженерлік аккредитацияланған бағдарламаларының жалпы еуропалық регистріне енгізе бағытталған.

ЕНАЕЕ – Еуропа кеңістігінде жоғары білім беретін инженерлік ұйымдардан тұратын халықаралық аккредитацияланған агенттіктер желісі. Аккредитация нәтижесінде ЕНАЕЕ EUR-ACE Label сапа белгісін және халықаралық ЕНАЕЕ сертификатын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде ЕНАЕЕ-ге инженерлік білім беру саласында аккредитацияланған 13 жетекші агенттік мүше.

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

**22 октября на факультете международных отношений КазНУ состоялась международная научно-практическая конференция «Роль ООН в современном мире и проблемы устойчивого развития», посвященная 70-летию Организации Объединенных Наций.**

## 70 ЛЕТ ООН: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Данное мероприятие является одним из ключевых, подводящих итог целому циклу мероприятий, организованных нашим университетом, который является хабом UNAI. Старт был дан 2 марта в рамках работы международной научно-практической конференции «При сильной ООН мир становится лучше», на которой состоялась лекция Первого постоянного представителя РК в ООН А.Х.Арыстанбековой и была запущена акция, включающая Международный конкурс эссе «ООН – это мы», а также фотоконкурс «Как я вижу себя и ООН». На конференции были подведены итоги конкурсов.

Почетными гостями явились Страновой директор ЮНЭЙДС в Казахстане г-н А. Голиусов, Национальный специалист ЮНЕСКО по коммуникации и информации г-н С. Карпов, Руководитель Департамента стратегической поддержки Программы Развития ООН в Казахстане (Астана) г-жа И. Горюнова и др. И. Горюнова выступила с лекцией на тему «Повестка дня ООН в области устойчивого развития: наши достижения и новые цели», которая вызвала огромный интерес у студентов и всех присутствующих.

Соб.конт.

## Беседы на Шелковом пути

**В честь 550-летия Казахского ханства в г. Тараз состоялись торжества, в рамках которых были проведены международный форум «Ұлы Дала Елі» по результатам республиканской историко-культурной экспедиции и заседание международного круглого стола «Беседы на Шелковом пути» - «Центральная Азия: солидарность народа региона» под эгидой Ассамблеи народа Казахстана.**

Мероприятия вызвали повышенный интерес общественности Казахстана. Участники экспедиций, съехавшиеся практически со всех концов страны проделали огромную работу, изучая не только архитектурно-исторические памятники, сохранившиеся традиции и обычаи казахского народа, огромный пласт ранее неизвестных источников, но и отражающих становление и формирование этнического и философского самосознания нашего народа.

На круглом столе «Центральная Азия: солидарность народа региона» с научным докладом, посвященным проблемам социально-экономического развития стран Центральной Азии, выступил ректор КазНУ академик Г. Мутанов. Его выступление касалось ключевых проблем нашего региона, и прежде всего, низкого уровня торгово-экономической интеграции между странами, который в структуре товарооборота составляет всего лишь 3%, а также недостаточном уровне развития инновационных отраслей промышленности и многих других уязвимых сторон экономики. Кроме того,

докладчик поделился своими мнениями по нахождению путей решения этих проблем.

Среди участников и гостей круглого стола было много известных казахстанских, российских, узбекских, таджикских и кыргызских ученых. Особый интерес вызвали выступления гостей из Китая: генерального секретаря китайского центра по изучению Шанхайской организации сотрудничества института международных исследований г-на Чень Юйжун («Один пояс, один путь: выражая дипломатическую философию Китая») и заместителя директора Центра по российским исследованиям Восточно-китайского педагогического университета г-жи Ян Чен («Шанхайский дух вдоль Шелкового пути: выработка мер в развивающейся Великой Евразии»). Ими были представлены содержательные доклады о новом экономическом поясе Шелкового пути, отражающий позиции КНР. Гости также дали исчерпывающие ответы на вопросы участников круглого стола.

В целом работа международного форума и круглого стола была посвящена большому количеству проблем, касающихся истории, культуры, социально-экономического развития стран Центральной Азии, экономической интеграции на огромном пространстве Евразии в период эскалации мирового финансово-экономического кризиса и значительного обострения геэкономической ситуации в мире.

**Шерипжан НАДЫРОВ,**  
д. г. н., профессор кафедры географии,  
землеустройства и кадастра

## МЕЖКУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ

**Ученые КазНУ приняли участие в международной научно-практической конференции «Литература и художественная культура тюркских народов в контексте Восток-Запад», которая прошла в г. Казань (РФ) на базе Казанского (Приволжского) Федерального Университета под эгидой Министерства образования РФ, Российского Гуманитарного Научного фонда при участии исследователей из России, Азербайджана, Казахстана, Туркменистана и Каракалпакстана.**

В своих докладах участники мероприятия осветили такие научные направления, как: «Восток и Запад: аспекты взаимовлияния литератур и культур», «Социально-гуманитарные исследования в области литературы и культуры тюркских народов в контексте восточной и западной философско-эстетической мысли», «Диалог культур: тюрко-татарские и русско-татарские литературные взаимосвязи и взаимовлияния», «Проблемы методологии литературы тюркских народов Средневековья и Нового времени», «Литературоведение: имена, научные школы и концепции», «Национальная литература как выражение самосознания народа», «Фольклор и фольклористика тюркских народов в контексте мировой художественной культуры», «Литературное источниковедение и текстология», «Художественный текст: язык, стиль и структура».

Материалы конференции опубликованы в форме сборника научных статей с присвоением кодов ISBN, УДК, ББК, рассылкой по библиотекам, регистрацией в Российской книжной палате.

Межкультурный диалог академической науки и вузовских педагогов-ученых продолжится. Отраднo, что ученые разных стран едины в поиске общих гносеологических корней в истории, фольклоре, мелосе и лексике СМИ.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
ассоциированный профессор

**ҚазҰУ-дың бакалавриат және магистратура бойынша білім беру бағдарламасының сегізіне EUR-ACE сертификаты берілді**



# АШЫҚ СҰХБАТ - ТЕҢ ҚҰҚ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Бұған университеттің еліміздегі ұлттық рейтинг бойынша көшбасшы болуы, сондай-ақ халықаралық QS рейтингтік агенттігінің соңғы қорытындысы бойынша әлемдегі ең үздік 800 оқу орнының ішінде 275-орынды иеленуі жарқын дәлел бола алады. Сондықтан, ҚазҰУ – әлемдік деңгейдегі білім беру сапасын ұсынып отырған санаулы отандық білім ордасының бірі. Бүгінгі таңда ҚазҰУ-да білім алудың беделі күннен-күнге артып отыр.

Елбасы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында біздің азаматтарымыздың тұрақтылық пен игілік жемістерін қаншалықты тиімді пайдаланып келе жатқаны маңызды мәселе болып табылатындығын атап өткен еді. Сондықтан, студенттердің осы игіліктерді пайдаланып қана қоймай, оны жетілдіру мен дамытуға қаншалықты үлес қоса алатындығы негізгі әңгіме өзегіне айналды. Осы ретте кездесуде студенттік ұйымдар атқарылған жұмыстардың есебін берумен қатар, өздерінің қызғылықты жобаларын да ұсынды.

Мәселен, Жатақхана студенттерінің жоғарғы кеңесі «Al-Farabi university smart city» жобасы аясында «Smart Student House» жобасын таныстырды. Бұл жоба төрт негізгі қағиданы басшылыққа алады. Олар: «ақылды басқару», «ақылды экономика»,

«ақылды тұрғындар», «ақылды өмір», яғни аталған қағидалар студенттердің жатақхана өміріне қатысты жауапкершіліктері мен құқықтарын және мүмкіндіктерін айқын белгілейді.

Ал, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро мүшелері халықаралық «UNAI ASPIRE» (Action by Students to Promote Innovation and Reform through Education) ұйымын құру туралы бастама көтерді. Бұл ҚазҰУ-дың БҰҰ-ның «Академиялық ықпалдастық» бағдарламасына қабылдануына байланысты туындады. Орталық Азия аумағы бойынша аталған бағдарламаға қабылданған бірден-бір ЖОО болып табылатын университет жетістігіне қанаттанған студенттер оқу, ғылым және инновация саласындағы бастамалар арқылы БҰҰ-ның негізгі он қағидасын жүзеге асыруға үлес қосуға шешім қабылдады.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағы «Үздік студенттік топ», «Smart Kitchen», «Сұңқар шәкіртақысы» және т.б. жобаларын жүзеге асыру барысымен таныстыра келе, студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған жоспарларымен бөлісті.

Кездесудің атап өтер маңызды бөлігі жастар ұйымдары комитетінің жаңа басшысын сайлауға арналды. Жастар ұйымдары комитетінің төрағасы Нұрлан Әбдіқадыровтың басқа қызметке ауысуына байланысты



**Нурбек ТАНБЕРГЕНОВ,**  
студент 3 курса факультета философии и политологии, председатель высшего совета студентов общежития

—В первую очередь хочется отметить, что поддержка руководства университета и лично нашего ректора нами ощущается всегда. Я хотел бы поблагодарить от лица студентов, проживающих в Домах студентов, Галыма Мутановича за тот уют и комфорт, в которых мы живем. С каждым годом условия проживания, быта и досуга в домах студентов все лучше и лучше. Активно развивается инфраструктура студенческого городка. Со своей стороны мы задались целью превратить Дома студентов в «умные дома». В этой связи мы представили проект «Smart Student House», целью которого является достижение высокого уровня самоорганизации и самоконтроля проживающих в Домах студентов. Для этого у нас есть все возможности, нам нужно только доказать, что мы, студенты, хотим и можем взять на себя ответственность за благополучие того дома, в котором мы живем.

**Нүргүл МЫРЗАБЕКОВА,**  
химия және химиялық технологиялар факультетінің 4-курс студенті, Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы

—Бүгінгі таңда жастар үшін ғылыммен айналысудың маңызы өте зор. Ал біздің университетімізде оған барлық жағдай жасалған. Мәселен, басқа жағдайларды айтпағанда, Орталық Азия аумағындағы ЖОО-лар студенттері ішінде біз ғана әлемге танымал HEWLETT-PACKARD, Samsung, Cisco, Konika Minolta компанияларының оқу-ғылыми орталықтарында білім алып, ғылыммен айналысу мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Сондықтан, үлкен ғылымға қадам басар жолдағы студенттік ғылымға көрсетіліп жатқан зор қолдауы үшін университет басшылығына зор алғысымызды білдіреміз.



**Бағлан ДАНАБЕКОВ,**  
студент 3 курса физико-технического факультета, участник встречи

—Встречи с нашим ректором всегда дают особый эмоциональный заряд, вдохновляют на дальнейшую активную работу. Когда существует постоянное взаимодействие с администрацией университета на основе социального партнерства, осуществляется поддержка студенческих проектов, то и работается легче и интереснее.

**Советник по научным вопросам Председателя государственного совета и Совета министров Республики Куба Фидель Кастро Диас-Баларт с официальным визитом посетил КазНУ**



# ҒЫЛЫМ АРНАСЫ



студенттік өзін-өзі басқару кеңесі ұсынған жаңа көшбасшы Айсұлу Ерниязованың кандидатурасы талқыланып, бір ауыздан бекітілді.

Ашық сұхбат түрінде өткен кездесу барысында студенттер тарапынан түрлі сұрақтар мен ұсыныстар легі көп болды. Олардың ішінде студенттердің кітапхана жұмысын түнгі уақытқа дейін ұзарту, үздік студенттік стартаптарды қаржылай қолдау, шетелдік ғылыми конференцияларға қатысу бойынша ғылыми гранттар мен жобалар қаржысынан бөлек арнайы қор құру туралы ұсыныстар келіп түсті.

Университет ректоры жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының болашақтағы жұмыс бағыты қалай дамуы керектігі туралы пікірлерімен бөлісті. Ең алдымен әрбір студенттік ұйым жұмысының нақты көрсеткіштері мен индикаторлары анықталған индикативті жоспарын әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың биік мәртебесі оның студенттеріне де ерекше жауапкершілік жүктейтіндігін атап айта отырып, «ҚазҰУ студентінің рейтингін» әзірлеуді ұсынды. Индикативті жоспар мен арнайы рейтинг университеттегі ОПҚ мен кафедра, факультеттер жоспары мен рейтингісі сияқты жалпы университеттік көрсеткіштерге бағытталуы тиіс. Университетте соңғы жылдары табысты жүзеге асырылып келе жатқан – нәтижеге бағытталған

басқару қағидасы негізінде университет қауымдастығының әрі мүшесінің қызметі мен жетістіктері оқу орнының ортақ көрсеткішіне үлес қосуды тиістігін атап өтті.

Сонымен қатар, студенттерді университет имиджі мен оның беделіне нұқсан келтіретін істерден аулақ болуға шақырды. Азаматтың бойындағы патриотизм, ең алдымен, оның өзіне, достарына, ата-анасы мен білім алып үлкен өмірге қанат қағуына барлық мүмкіндіктер жасаған университетіне деген құрметтен басталады.

Кездесу соңында белсенді қызметі үшін бірқатар жастар, атап айтқанда, Нұрлан Әбдіқадыров ректордың алғыс хатымен марапатталса, басқа да студенттік ұйым өкілдері «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалінің иегері атанды.

Жалынды ақын Төлеген Айбергеновше айтқанда «жанам деген жүрекке от берген» бұл кездесу шын мәнінде жастардың нағыз маман, толысқан тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай жасалғандығын, тек осы мүмкіндікті барынша пайдалана білудің қаншалықты тиімді екендігін жастардың өздері мойындап, сенімдерін шындай түсуімен маңызды болды.

**М.С. НОҒАЙБАЕВА,**  
Тәрбие жұмысы жөніндегі  
департамент директоры

**Ақбөпе ДОСЫМБЕТОВА,**  
химия және химиялық технологиялар факультетінің 4-курс студенті,  
«Сұңқар» студенттер кәсіподағы төрайымының орынбасары:

—Бүгінгі кездесу біз үшін өте маңызды болды. Бүгін біз тағы да бір рет әлеуметтік әріптестік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде бізге берілген кең көлемді өкілеттіліктер студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметін жана саатыға көтергіндігіне куә болдық. Студенттік ұйымдар университет көлемінде жүзеге асырылып жатқан барлық үдерістерге тең құқылы әріптес ретінде қатысып отыр. «Сұңқар» кәсіподағы жалпыуниверситеттік жобаларды қолдау мақсатында түрлі бағыттар бойынша өз жобаларын жүзеге асырды. Мәселен, «Smart Kitchen» жобасы тамақтандыру сапасын қадағалауға бағытталса, үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру бағдарламасын қолдау үшін студенттерге тегін ағылшын тілі курстарын ұсынып отырғын «English club» жұмысын ұйымдастырды. Университеттің тамаша дәстүрі — демеушілік шәкіртақылар тағайындау бойынша жеке «Сұңқар шәкіртақысы» беріле бастады. Біз болашақта студенттерге арналған түрлі әлеуметтік қызметтерді жеңілдікпен ұсынатын «Smart Card» жобасы мен қазіргі заманға лайықты нағыз қазақ қызының тұлғасын қалыптастыруға бағытталған «Томирис» қыздар клубын ашу туралы жоспарларымызбен бөлістік.

**Умит ТАСБОЛАТОВА,**  
студентка 4 курса Высшей школы экономики и бизнеса, зампределателя  
Студенческого бюро по Болонскому процессу

—Сегодня мне выпала честь выступить с докладом. Мы открыто обсуждали дальнейшие планы работы студенческих органов самоуправления. Студент как полноценный партнер университета должен быть интегрирован во все сферы жизни университета, в том числе и в учебный процесс. В данном направлении ведет работу Студенческое бюро по Болонскому процессу. Важным направлением нашей работы считаю борьбу с академическими нарушениями — списыванием, шпаргалками, плагиатом. Как отметил ректор, всем тем, кто прибегает к таким позорящим честь студента КазНУ методам, давно пора понять: тем самым они обманывают не преподавателей, а прежде всего, самих себя, ведь шпаргалки не дают знаний!  
Поэтому мы проводим большую разъяснительную работу со студентами, чтобы повысить у них уровень ответственности, серьезного отношения к подготовке и сдаче экзаменов.



**QS рейтингінде ҚазҰУ Орталық Азия мен Еуропа елдерінің  
150 ЖОО-сы арасында 21-орынды иеленді**



Жақында ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде ҚР ҰҒА академигі Білиев Назарбай Қыдырұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Функциялар теориясы, информатика, дифференциалдық теңдеулер және оларды қолдану» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.

# Ұстаз ұлағаты



Назарбай Қыдырұлы Білиев – белгілі ғалым-математик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. Ол 1952-1957 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша үздік бітірген. 1965 жылы Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының В.А. Стеклов атындағы математика институтында кандидаттық диссертациясын, 1980 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Н.К. Білиев – функциялар теориясы мен функционалдық анализ, олардың математикалық физика теңдеулер теориясындағы қолданыстарына өте зор үлес қосқан білікті маман. Н.Билиевтің осы саладағы ғылыми монографиясы Америкада ағылшын тілінде «Longman» баспасынан 1997 жылы жарық көрді. (Bliev N.K. “Generalized analytic functions in fractional spaces” – USA, Addison Wesley Longman inc., 1997.)

Ғалымның қызмет жолдары: 1957-1960 жылдары Гурьев (қазіргі Атырау) педагогикалық институтының аға оқытушысы, 1960-1963 жылдары аспирант, 1963-1988 жылдары – ҰҒА Математика және механика институтының кіші, аға ғылыми қызметкері болды. Функционалдық анализ және функциялар теориясы зертханасын, 1988-2000 жылдары – институт директоры, 1999-2002 жылдары – ҰҒА-ның физика-

математика бөлімін басқарды.

Профессор Н.К. Білиев – тұлғасы биік, тұғырлы ұстаз. 1964 жылдан бастап университетте үзбей дәріс оқып келеді. 2005 жылға дейін кафедра менгерушісі қызметін атқарды. Бүгінгі таңда Іргелі математика кафедрасының профессоры. Назарбай Қыдырұлы білім және ғылым саласын дамытудағы елеулі еңбегі мен жетістіктері үшін «Әл-Фараби күміс медалі» айрықша белгісімен марапатталды.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл», – дейді халық даналығы. ҚазҰУ-да жарты ғасырға жуық еңбек етіп келе жатқан Назарбай Қыдырұлының жоғары әдіскерлік деңгейде оқыған дәрістері – шәкірттеріне берген асыл қазынасы. Ұлағатты ұстазымыздың адамгершілік кадр-қасиеттері шәкірттер арасында аңызға айналған. Оның бай эрудициясы мен интеллектісі, дәріс оқудағы шешендігі мен шеберлігі шәкірттерге әрқашан өнеге. Көркем мінезі, үлкенге құрмет кішіге камқорлық көрсете білетін ерекше адами қасиеттері баршамызға үлгі. Назарбай Қыдырұлының мектебінен сусындап, тағылымы мен тәрбиесінен өткенімізді мақтаншы тұтамыз.

**С.М. НАРБАЕВА,  
А.М. ТЛЕУЛЕСОВА,**  
Іргелі математика

кафедрасының оқытушылары

# Қайсар Құсайынұлы 75 жаста

Жауапкершілік пен қажымас еңбектің, жақсылық пен адамгершіліктің тізгінін ұстаған Қайсар Құсайынұлы – қазіргі Қазақстан ғылымына еңбек етіп, 75 жылдық мерейтойын ірі табыстармен қарсы алған ұлағатты ұстаз, ғалым. Ол 1940 жылы 12 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын (бұрынғы Октябрь) ауданындағы Көктерек ауылында дүниеге келген. 1959 жылы Ленин атындағы орта мектепті жақсы бітіріп, екі жыл «Искра» ауылдық кеңесінде кітапханашы әрі комсомол ұйымының хатшысы міндеттерін атқарды. 1961 жылы қараша айында Кеңес армиясы қатарына алынып, 1964 жылы әскери борышын өтегеннен кейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1968 жылы үздік бітіріп шығады. Осы жылы факультет ғылыми кеңесінің шешімімен аспирантураға қабылданады, бірақ әлеуметтік жағдайына байланысты оқуды күндізгі бөлімде жалғастыра алмайды. 1968 жылы Алматы қаласындағы №9 мектеп-интернатына тарих және қоғамтану пәндерінің мұғалімі болып орналасады.

Ал 1970 жылдың қазан айынан ҚазМУ-дың тарих факультетінің СССР тарихы кафедрасына байқау бойынша оқытушылық қызметке қабылданады.

1970-1980 жылдар аралығында Мәскеу мемлекеттік университеті тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде аралық білімін жетілдіре жүріп, академик И.А. Федосевтің жетекшілігімен «Патшалық Ресей кезіндегі Торғай облысының саяси-экономикалық дамуы» (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы) тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды.

Ғалым осы жылдардан бастап аға оқытушы, доцент, профессор ғылыми-педагогикалық қызметтерінде өзін тек жақсы жағынан көрсете білді. Жұмысқа деген жауапкершілігі мен ұқыптылығы арқасында Қ.Құсайынұлының оқыған дәрістері мен практикалық сабақтары бүгінгі күн талаптарына орай ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік жағынан тиісті дәрежеде бағаланып келеді. Студенттердің білім мен ғылымға деген ынтасын арттыру – оқытушының ғылыми-әдістемелік шеберлігіне байланысты. Ұстаз өз ісінде біліктілік танытып, бакалавриат пен магистратура бөлімдерінде екі тілде тарих ғылымының, әсіресе, Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасына байланысты күрделі мәселелер негізінде арнаулы курстарды жүргізді.

К. Құсайынұлы кең көлемдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен әлі күнге дейін шұғылданауда. Тарих ғылымында, әсіресе, XIX ғасыр мен XX ғасыр маманына мұрағат құжаттарын көбірек ақтармаса, тарихтың шынайы жақтарын ашу мүмкін емес екенін білген ол Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, тағы да басқа белгілі мұрағаттардан жылдар бойы мол дерек көздерін жинап, бірнеше ғылыми еңбектерін ортаға салды. Айтар болсақ,



Бекмаханов атындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда баяндама жасаса, «Отан тарихы», «Ақиқат», ҚазҰУ, ҚазҰПУ хабаршысында және республикалық газет-журналдарда ғылыми мақалалары көптеп жарияланған. Сондай-ақ Қазақстан тарихына қосымша оқу құралының авторы, баспадан жеке зерттеу кітаптары жарық көрді. Кітаптары мен оқу-әдістемелік құралдарының саны оннан асады. 200-ге жуық ғылыми мақаласы көпшілікке мәлім. Оның ішінде белгілі ғалым Ш. Уәлиханов жайында Одақ бойынша алғашқы рет мұрағат құжаттары негізінде жазған «Ожог серца (слово о Чокане)» мақаласы, Кенесары Қасымұлының туғанына 190 жыл және Кенесары Қасымұлы көтерілісіне 155 жылдығына арналған мақалалары, мысалы, «Халық кеңесі» газетінде жарияланған «Кешегі өткен Кенекен...» атты мақаласын ерекше атап өткеніміз жөн. Он екі жыл Ғылыми кеңес мүшесі болып, бірнеше ғылым кандидаттарын дайындауға атсалысқан Қ.Құсайынұлы ҚазҰУ-мен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ-да, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да және ҚазмемқызПУ-да студенттер мен аспиранттарға дәріс оқыған.

Қайсар Құсайынұлы – бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ардақты әке, сүйікті жар. Жұбайы Роза жоғары білікті дәрігер болып көп жылдар бойы қызмет етті, бүгінде зейнетке шыққан. Олар екі ұлынан бес немере сүйген. Қ. Құсайынұлы 75-ке толған толағай жасында адами кемелділіктің шыңына шығып, отандық тарихшылардың абыз-ақсақалына айналып отыр. Оның қазақ білімі мен ғылымына сіңірген адал еңбегі, жалпы туған халқына деген ұлтжанды, патриоттық сезімі жас тарихшылар үшін үлгі-өнеге. Университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанұлы ардагер ұстазды мерейтойымен құттықтап, ел білімі мен ғылымына сіңірген ерен еңбегі үшін алғыс айтты.

Құрметті Қайсар Құсайынұлы! Біз Сізді мерейлі мерекенізбен шын жүректен тағы да құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Жетпіс бес жасқа келген мерейтойыңыз шығармашылық күш-қуатыңыздың кемелдене түсуіне жана екпін берсін демекпіз!

Тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы



# ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҰЯСЫ



**Нұрлайым Жақыпқызы Батыр**  
1995 жылы 12 сәуірде  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш ауданында дүниеге  
келген. Мектеп табалдырығынан  
бастап эссе, әңгіме, өлең жазып,  
облыстық, республикалық  
байқауларда жеңімпаз атанған.  
Нұрлайым бүгінде Познаньдағы  
Адам Мицкевич атындағы  
университетте (АМУ) білімін  
шыңдау үстінде.  
Қазір ол – журналистика  
факультетінің  
4-курс студенті.

Бөлменің ішін шыр айналып ақбауыр, айырқұйрық қарлығаш ұшып жүрді.

Апа, апа! Жоғарыға қара, қарлығаш аузына шөп салып алыпты,- деді он жасар Самат.

Ұясын жаңартпақшы ғой, балапаным,- деді анасы Айжан баласының басынан сипап тұрып.

Бұлардың үйін осы қарлығаш мекен еткелі де бірнеше жыл болған екен. Содан бері жыл сайын балапан басып, осы ұядан қанат қақтырады. «Қарлығаш ұя салған үйде береке болады» деген қазақтың ұрпағы қаншама ғасыр өтсе де сол қағиданы ұстап келеді. Ұлы жүздің ақылман қариясы болған Төле биді «Қарлығаш әулие» деп атаған қазақ халқы әлі күнге сол қалпында дерсің. Саматтың маңдайынан иіскеп тұрған анасы:

Бұл үйді де жаңаламасак, төбедең аққан су әбден шырқымызды алды. Ширек ғасырға жуық уақыттан бері бір де бір жаңалаудан өтпеген екен. Қайтеміз, балам, амал жоқ. Бұл құстың да ұясын бұзуға тура келетін түрі бар,- деді. Әңгіменің байыбына бармаған бала Самат күлімдеп:

Ұясын бұзса қарлығаш та бізбен бірге жаңа үйге барады ма?-деп, анасының қолын тартқылады. Анасы ұясын бір бұзған жерге қарлығаштың қайтып оралмайтынын білсе де, ботасының көңілін қимастан, лажсыз:

Әрине, балам. Біз осы жерден қайтадан жаңа үй тұрғызамыз. Сол кезде қарлығаш қайтып келеді,- деді. Келесі жылы жаңа үйдің де іргетасы қаланды. Самат мез-мейрам болып, достарына мақтанып жүр. Бірақ үйге кірген сайын жоғарыдағы бұрыштарға қарай береді. Ескі үйдің бұрышында ілгері қарлығаштың ұясы болатын. Ал

қазір ол көрінбейді. Самат ес жинап, жоғарғы сыныпқа өткенше анасына келіп:

Апа, қарлығаш қашан келеді? Маған жаңа үй түк те ұнаған жоқ. Сіз оны келеді деп айтқан едіңіз ғой...,- деп, күнде қарлығашты сұрайтын еді. Айжан болса осы кезде:

Айналайын, қарлығаш біздің үйге қайта оралады. Әлі-ақ көресің,- деп құтылатын.

Баласына бірнеше жыл осылай деп айтып жүрді. Самат мектеп бітіріп, қаладағы жоғарғы оқу орнына тапсырды. Сол жердегі филология факультетіне грантка түсті. Ол жазған шығармаларының басында міндетті

түрде баяғы өз үйіне ұя салған қарлығаш туралы айтып өтетін. Бала қиялына қанат бітірген сол қарлығаш Саматтың ойынан шыққан емес. Қаладан үйіне сағынып оралған Самат ең бірінші анасын іздеді. Айжан бұл кезде тамақ жасауға кірісіп кеткен екен. Үй ішіне асыға кірген Самат:

Апа, қайдасыз? Мен келдім! Сізді, әкемді, ауылды, бәрі-бәрін сағынып кеттім ғой,- деп, анасын қатты құшақтап алды. Ал анасы болса:

Балапаным-ау, біз де сені сағындық. Есейіп қалыпсың ғой, құлыншағым менің,- деді. Мауқы басылғанша баласының маңдайынан, бетінен сүйе берді. Осы кезде Саматтың көзі баяғы

өзі жиі қарай беретін бұрышқа қайта түскен еді. Бірақ қарлығаштың ұясын көре алмады...



Өзі әзер дегенде қолы жеткен қуанышы осы болғандықтан ба, әйтеуір оны бір сәтке де жалғыз қалдырғысы келмейді.

Бұл арманының орындалуына кәрі әжесі Шарипа көп еңбек сіңірді. «Бала кішкентай кезінде шынайы қалаған дүниесіне қол жеткізуге шама келгенше мүмкіндік туғызған жөн. Сонда ол арманының орындалатынына сенімді болып өседі. Оның қиялына шектеу жасаудың қажеті жоқ» деп, бірбеткей ұлын өз ырқына көндірген. Сарғалдақты үйге алып келгенге міне енді ғана бір апта шамасы өтті. Осыдан бері мектеп уақыты Қайраттың бала қиялында мысығы екеуінің арасын айыратын ең қатыгез кезең болып көрінеді. Әттен, ата-ана қысымы болмаса сол мектепке

сүйкімді қылықтарын әнімелеп отыратын Сарғалдақты көруге бұл да құштар.

Ол бүгін де әдеттегідей, мектептен келе сала кішкентай сары ала марғауының үйшігіне сүт құйылған тостағанды алып барды. Күнде басын бауырына тығып, бүрісіп жататын марғауын жонынан сипап, алдына сүтке толы тостағанды қойып кетті. Өзі де киімін ауыстырып, анасының пісірген бауырсағын жеуге кірісті. Қарынын тойдырып, Сарғалдағынан хабар алуға кетіп бара жатқанда анасы:

-Әй балам, сенің сары марғауың күні бойы аяққа сүйкеніп мазаны алушы еді, бүгін жатқан орнынан қозғалған жоқ қой. Не боп қалды екен?..- деді 10 жасар ұлына сұрақты көзімен қарап. Қайрат бұл сөзді есітпеген соң, көңіліне бір бейтаныс күдік ұялағандай, мысығына қарай жүгірді. Енді ғана есейе бастаған мысық баласының қасына келіп:

-Сарғалдақ, саған не болды? Неге сүтінді ішпегенсің? Ауырып қалдың ба? Қорықпа, мен сені емдеп жазамын. Қазір сен жазылуың үшін мына сүтті ішуің керек, - деп, тостағанды мысықтың аузына тосты. Бірақ зорлап берген асты кім ішуші еді? Әсілі, ас түгілі зорлықпен берген ешбір дүние ешкімге де таңсық көрінбесе керек еді. Тіпті ол мына марғауға ұсынылған ас секілді өз пайдамыз үшін болған күннің өзінде де, көңілде қалау болмаса осылай болары анық. Сарғалдақ сол күннің кешінде жарық дүниемен қош айтысты. Осы бір кішкентай ғана сары ала мысық баласы енді ғана жылы баспана мен бауырмал бала қожайынға қолы жеткенде алдына қойылған астан бас тартып, өзіне берілген жақсы өмірден баз кешерін білді мекен? Сонда әркім өз тандауы арқылы тағдырын өзі шешетін болып тұр ғой. «Неге

мені, өзін сондай жақсы көретінімді біліп тұрып, тастап кетті екен?» деп іштей кейіп, бала Қайрат жылап жіберді. Ол «Егер сен сүт ішіп, тамақ жесең мәңгі менімен бірге болатын едің. Неге сүтінді ішпедің Сарғалдақ? Енді сені Меруерт те көре алмайтын болды. Ол сені қатты көргісі келген еді. Мен мектепке бармағанда сенің қасыңда көбірек болар едім», - деп, қас-қағым сәтте болған қайғыға түсіне алмай, бір орыннан қозғалмастан, сол жерде мәңгілік қалатындай жылап тұрды. Бірақ ол Сарғалдақтың бір ай бұрын, алғаш көрген жердегі дүңгіршектің айналасында панасыз жүріп, суық сыздан ауруға шалдығып үлгергенін сезген жоқ. Әттен, әкесі баласы айтқан заматта оны үйге алып келуге рұқсат бергенде ғой. Бәлкім Сарғалдақ қазір тірі болар ма еді? Немересінің қайғысын сезіне білген әжесі оған:

-Балапаным, дүниеде ешбір нәрсе себепсіз болмайды. Сарғалдақ енді ғана жарық дүниеге көндіге бастап еді. Бірақ оның маңдайына осы жазылған екен. Ол кеткенмен дүниедегі барлық мысық жоғалған жоқ қой. Әлі-ақ өзін саған сүйкімді мысық алып келіп беремін. Жылама, ботақаным, - деді. Қайрат қарт кемпірдің әжімді жүзіне жасқа толы жанарымен қарап тұрып:

-Дүниеде мысықтар жоғалмай-ақ қойсыншы, әже. Мен енді ешқашан мысық асырамаймын, - деп асыл әжесінің құшағына еніп кетті. Ол іштей «Ешбір нәрсе себепсіз болмайды екен. Сарғалдақ менің алдымда көз жұмды. Басқа ешқашан мысық асырамаймын. Ол да көз жұмса не істеймін?» деп, алғаш рет бала жүрегінде айырылу атты қорқыныш сезімін бастан кешіріп тұрды.

## Сарғалдақ

Бір ай бойы бала Қайраттың мысық десе зығырданы қайнайтын әкесіне жалынып жүріп асырауға көндірген сары ала марғауы бүгін танертеннен бері жатқан орнынан бір қозғалған жоқ. Мысықтар жалқау болады деуші еді. Бәлкім бұл соның кері болар. Қайрат үйіне осы бір кішкентай ғана мысықтың баласын алып келгеннен бастап ерте тұруды әдетке айналдырған. Оған Сарғалдақ деп те ат қойған өзі. Ауылда таң қылаң беріп ата бастағаннан-ақ, айнала әлем ізгілік нұрымен бірге тыныс алғандай сезіледі. Мұндай шақта Қайрат елден ерте тұрып, ең әуелі марғауының халінен хабар алады.

бармай-ақ қояр ма еді!? Бірақ олай болса бұл Меруертті көре алмай қалады ғой. Ең жақын досына Сарғалдақты көрсетем деп айтқалы бері де екі-үш күн болып қалды. Мектепке мысықты алып барса, оны сыныпқа кіргізбей, сыртқа қойып кетуге тура келеді. Сыртта оны қадағалап қарайтын кісінің өзі жоқ. Айдалаға қаңғып кетсе оны табу да екіталай екенін біліп, әзірге оқу орнына алып келе алмай жүр. Меруерт Қайраттың үйіне барайын десе, көрші ауылда тұратындықтан, өз үйінен біршама қашықта орналасқан жерге баруға әлі мүмкіндік таба алмай қиналады. Десе де, сыныптас досы күнде



# «One Love Almaty»



В рамках развития и продвижения бренда г.Алматы, прошел финал республиканского конкурса «One Love Almaty», который проводился в социальных сетях. Организаторами мероприятия выступили: Ассоциация туристских агентств Казахстана, Программа Развития ООН совместно с кафедрой туризма КазНУ и управление туризма г.Алматы.

В мероприятии приняли участие и выступили начальник управления туризма г.Алматы Тимур Дюсенгалиев, представитель United Nations Development Programme Мейрамгуль Бейсенова, представитель Ассоциации туристских агентств Казахстана Эльнара Етимова, дизайнер Мастерской войлока Aigul Line

Айгуль Жансерикова и студенты КазНУ.

Тимур Дюсенгалиев открывая мероприятие, отметил, что в связи с развитием социальных сетей у студентов сейчас появилась большая возможность в продвижении бренда родного г. Алматы по всему миру. «Я считаю, что сейчас роль социальных сетей в туризме возрастает, и они являются хорошим инструментом рекламы и маркетинга. Хотелось бы также поблагодарить организаторов за этот конкурс и пожелать участникам успехов», – сказал он.

Конкурс проводился среди студентов КазНУ им. аль-Фараби. Участники подготовили видео, фото и презентации для участия в конкурсе. Лучшие работы были показаны на мероприятии, и жюри выбрало победителей и вручило им ценные призы и подарки.

В ходе мероприятия гости смогли посетить этно-ярмарку, выставку ремесленников и этно-сувениров. Танцоры и певцы из Студенческого актива продемонстрировали развлекательную шоу программу для зрителей. Также состоялся показ моделей от дизайнера Мастерской войлока Айгуль Жансериковой.

Рустем АБРАЕВ

Адамның өзін жақсы сезінуі үшін тәулігіне кем дегенде жеті жарым сағат ұйықтауы керек. Ұйқының аздығы күйзеліс, сусақ (қант диабеті), жүрек-қантамыр аурулары мен жазатайым оқиғалардың тууына себеп болады.

## Адам күніне қанша сағат ұйықтау керек?



"Лидс Университетінің психологтары 18 бен 80 жас аралығындағы 1024 британдық азаматтың арасында сұрау жүргізіп, жана тұжырым жасады" - деп хабарлайды The Daily Mail. 30 бен 50 жас аралығындағы сауалнамаға қатысушылардың 25 пайызға жуығы дұрыс тынықпаған. Олардың бір жылда 15 күнге жуық ұйықтамағаны анықталды. Осыдан кейін қатысушылардың 42 пайызы жұмысқа байланысты күйзеліске ұшырағанын айтып, шағымданды. 30 пайызы жұмыстың кесірінен ұйқы қанбайтынын айтқан.

Сұралғандардың 5 пайызы ғана небәрі 5 сағат ұйықтауды алдын ала жоспарлаған екен. Респонденттерден алдағы түн қалай өткені туралы сұрағанда, олардың 25 пайызы 5 сағаттан кем ұйықтағандарын айтқан.


Айта кетейік, Калифорния университетінің зерттеушілері таяуда тәулігіне 8 сағат ұйықтау қажет деген тұжырымды жоққа шығарған. Олардың айтуынша, іс жүзінде, небәрі 6-7 сағат ұйықтау да жеткілікті деп тұжырымдалған-ды.

INFORM.KZ

# Қарттарым – асыл қазынам

Молекулалық биология және генетика кафедрасының ұйымдастыруымен жуырда «Қарттарым - асыл қазынам» атты мерекелік кеш өтті. Кешке факультеттің ардагер ұстаздары қонақ ретінде шақырылды.

Шараға «Биология» және «Биотехнология» мамандығының студенттері атсалысып, би биледі, ән салып, өз өнерлерін ортаға салды. Аға буын өкілдері ақыл-кеңестерімен, жылы лебіздерімен бөлісіп, бүгінгі күні жастардың білімге деген мүмкіндігінің зор екендігін айтты. Осы ретте кештің ұйымдастырушысы ретінде өз ойымен бөліскім келеді: Қазақ халқында тайға таңба басқандай ешбір жерде жазылмаған заңдылық бар деп айтуға болады. Ол – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу. Бұл біздің басты адами құндылығымыз және парызымыз. Осы кештің аясында ғана емес, күнделікті өмірде – қоғамдық көлікте, мәдени орындарда үнемі жасы үлкен адамдарға құрмет көрсету міндетіміз. Осы еңбек адамдарымен кездесіп, игі қасиеттерін бойға сіңіре білуіміз керек. Шәкірт бойына қуат, жігер беруден еш аянбаған ардагер ұстаздарымыздың



ұлағаты жас буынға үлгі болатындығы айқын. Олардың өмір жолдары – бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Саналы ұрпағы бар елдің қариясы бақытты, қазыналы ақсақалы бар елдің балалары бақытты деп

ойлаймын. Осындай тағылымды кештер әлі де жалғасын табарына кәміл сенемін.

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,  
молекулалық биология және генетика кафедрасының б.ғ.к., доцент

**ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ**  
при КазНУ им. аль-Фараби

приглашает всех желающих на курсы

**КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА!**

Обучают профессора

Ланьчжоуского университета

Международный тест HSK на базе  
Института

ул. Карасай батыра, 95, КазНУ,  
1-этаж, 138-каб., кон. тел. 243-84-64,  
+7 707 397 53 13

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Рустем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел.: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс №823

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.